



«Келісілді»
Ақмола облысының
денсаулық сақтау
басқармасының басшысы

Н. Ахильбеков

«13» тамыз 2024 ж.



«Бекітемін»
«Целиноград аудандық
емханасы»
ШЖҚ МКК директоры

Д.Сибанбаев

2024 ж.

**«Целиноград аудандық емханасы» ШЖҚ МКК
ақылы медициналық қызметтер көрсету туралы
2024 жылға арналған
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер.

1. «Целиноград аудандық емханасы» ШЖҚ МКК ақылы қызмет көрсету туралы осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы медициналық қызметтер көрсету тәртібі мен шарттарын анықтайды.
2. Осы Ереже қызметкерлердің материалдық қызығушылығын кәсіпорынның өндірістік және экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында енгізіледі. Бұл оның жеке еңбек үлесі бар қызметкерге тиесілі жалақысын нығайтуға бағытталған.
3. Ақылы медициналық қызметтер көрсету мақсаты, тегін медициналық көмектің кепілді көлемінен тыс көрсетілетін, әр түрлі медициналық көмекте, халық қажеттілігін одан әрі жақсы қанағаттандыру, сондай-ақ, ТМККК бойынша дәрігерлік нысаны бекітілмеген дәрігерлік заттарды бөлшектеп сату.
4. Медициналық қызмет көрсету Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасымен 2016 жылдың 30 желтоқсанында берілген №16020183 лицензиясына және төмендегі қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Келесі мамандықтар бойынша, ересектер мен балаларға көрсетілетін стационарды алмастыратын көмек

- Зертханалық диагностика
- Жалпы клиникалық
- Серологиялық
- Цитологиялық зерттеулер
- Бактериологиялық
- Биохимиялық
- Иммунологиялық зерттеулер
- Медициналық реабилитология
- Массаж
- Ересектерге келесі мамандықтар бойынша, консультациялық-диагностикалық медициналық көмек
- Стоматология; Психиатрия; Наркология
- Гинекология; Акушерлік
- Отбасылық дәрігер; Жалпы терапия
- Жалпы хирургия
- Травматология және ортопедия

- Урология
- Келесі мамандықтар бойынша, балаларға арналған консультациялық – диагностикалық медициналық көмек
- Стоматология
- Жалпы хирургия
- Жалпы педиатрия
- Алғашқы медициналық-санитарлық көмек
- Білікті медициналық көмек
- Диагностика
- Рентгендік диагностика
- Зертханалық диагностика
- Жалпы клиникалық зерттеулер
- Биохимиялық зерттеулер
- Келесі мамандықтар бойынша, балаларға арналған консультациялық – диагностикалық медициналық көмек
- Офтальмология
- Келесі мамандықтар бойынша, есектерге арналған консультациялық-диагностикалық медициналық көмек
- Офтальмология
- Келесі мамандықтар бойынша, есектерге арналған консультациялық-диагностикалық медициналық көмек
- Фтизиатрия
- Онкология
- Дерматовенерология
- Невропатология
- Эндокринология
- Оториноларингология
- Диагностика
- Эндоскопиялық диагностика
- Ультрадыбыстық диагностика
- Алғашқы медициналық - санитариялық көмек
- Компьютерлік томография

Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасымен және қосымшалармен берілген 2017 жылғы 05 қаңтардағы №17000011 мемлекеттік лицензиясымен дәрілік заттар жекелеп сатылады. Дәрілік заттарға және медициналық мақсатта қолданылатын бұйымдарға үстеме баға тиісті құнынан 30% - дан аспауы тиіс.

5. Ақылы медициналық қызметтер мынадай нормативтік құқықтық актілермен реттеледі:

- 2020 жылдың 07 шілдедегі №360- IV «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі;
- 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- 2011 жылдың 01 наурызындағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңы;
- 2020 жылдың 16 қазанындағы №672 «Тегін медициналық көмектің кепілді тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;
- 2020 жылдың 29 қазанындағы №ҚР ДСМ-170/2020 «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы;
- 2020 жылдың 13 қарашасындағы №ҚР ДСМ-194/2020 «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы;

6. №1 Қосымшаға сәйкес, ұйым тегін медициналық көмектің кепілдігімен берілген көлемінің шеңберінде медициналық қызметтерді ұсынады.

7. № 2 Қосымшаға сәйкес, ұйым ақылы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

8. № 3 Қосымшаға сәйкес, ТМККК шеңберінде бекітілген нысанға сәйкес, дәрі- дәрмекпен қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

9. № 4 Қосымшаға сәйкес, қызметкерлердің қабылдау кестесі, ақылы медициналық қызметтерді көрсететін мамандардың біліктілігі жайлы ақпарат.

10. Ұйым № 5 қосымшаға сәйкес, медициналық жабдықтарды пайдаланады.

11. Ақылы қызметтер медициналық қызметтерді (бұдан әрі-пациент) қолданушы болып табылатын жеке тұлғаға көрсетіледі.

12. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі (бұдан әрі -ТМККК) - бюджеттік қаражат есебінен ұсынылатын медициналық көмектің көлемі;

2) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

3) ақылы бөлімшелер (палаталар) – денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы негізде медициналық қызметтерді көрсетуге арналған бөлімшелер (палаталар);

4) денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формуляры – Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярға сәйкес қалыптасан және денсаулық сақтау ұйымының басшысымен бекітілген уәкілетті орган белгілеген тәртіпте тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету үшін дәрілік заттардың тізбесі;

5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2. Ақылы негізде көрсетілетін медициналық қызметтер үшін есеп айырысу тәртібі.

13. Ақылы қызметтер бағасы шығындардың барлық түрлерін есепке ала отырып анықталады, медициналық және қосымша шығыстар көрсетіліміне байланысты жылына екі реттен жиі қайта қаралу мүмкіндігі жоқ.

Мекеме емделушіге нақты көрсетілген қызмет үшін төлемге шот береді.

14. Науқастармен есеп айырысу келесі жолмен жүзеге асырылады:

- қолма — қол ақшамен , бақылау — касса машинасы аппаратымен фискалды чек беретін касса немесе кіріс — кассалық — ордер арқылы жүргізіледі.

- аудармамен, ұйымның ағымдағы шотына қаражат аудару арқылы "Ақылы қызмет көрсетулерден алынатын қаражат".

15. Ақылы қызмет алған науқастарға денсаулық сақтау ұйымдары төмендегідей жағдайларды қамтамасыз етеді:

1) Кодекстің 7 бабы, 31 тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша кеңес-диагностикалық көмек көрсетілген кезде медициналық қорытынды;

2) стационарлық, стационар алмастыратын көмек, соның ішінде медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек жүргізу кезінде ауыру тарихынан көшірме эпикриз;

3) көрсетілген қызметтер тізбесі туралы ақпарат, қызмет саны және құнын көрсетумен.

3. Ақылы негізде медициналық көмек көрсетудегі есеп беру және есеп жүргізу тәртібі

16. Азаматтарға ақылы қызмет көрсету саласында есеп беру және есеп жүргізу тәртібі, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша жүзеге асырылады.

Бухгалтерлік есеп және есептілік денсаулық сақтау саласындағы өкілеттілік бекіткен есептілік саясатына сәйкес ТМККК және ақылы медициналық қызмет көрсету бойынша есептілік жеке жүргізіледі.

Ақылы қызмет көрсету саласында, есепке алу - есеп беру құжаттамасын жүргізу бойынша бас бухгалтер жауапты болады.

4. Ақылы медициналық қызметтер көрсету шарттары

17. Пациенттерге ақылы медициналық қызметтер көрсету келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) медициналық көмекті олардың бастамасы бойынша, соның ішінде бастапқы және кейінгі деңгейдегі мамандардың бағытынсыз көрсету;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету;

3) денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярына енгізілмеген дәрілік заттармен емдеу;

4) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесіне кірмейтін және (немесе) медициналық көрсетілімдерсіз медициналық зерттеулер жүргізу;

5) санаторий-курорттық ұйымдарда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін қалпына келтіру емі және медициналық оңалту;

6) медициналық көрсетілімдерсіз медициналық-генетикалық зерттеулерде;

7) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінде көзделмеген және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру көлемінен тыс медициналық зерттеп-қарау кезінде жасалуы мүмкін;

8) шарт бойынша, оның ішінде ерікті медициналық сақтандыру бойынша медициналық көмек көрсету;

9) Кодекстің 83-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға медициналық көмек көрсету арқылы жүзеге асырылады.

18. Ақылы медициналық қызметтер Кодекстің 7-бабының 59) тармақшасына сәйкес бекітілетін нысан бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтер көрсетуге арналған шарттың негізінде көрсетіледі.

Шарт Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында айқындалған тәртіппен жасалады.

19. Егер ақылы медициналық қызмет көрсету кезінде ақылы негізде Шартта көзделмеген қосымша медициналық қызмет көрсету талап етілген жағдайда, ұйым бұл өзгерістер туралы пациентке ЕСКЕРТЕДІ.

20. Егер ақылы медициналық қызметтер көрсету кезінде денсаулыққа келетін елеулі зиянды болдырмау және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін кенеттен болған жіті аурулар, созылмалы аурулардың жай-күйі, асқынуы кезінде пациентке шұғыл медициналық көмек көрсету талап етілетін жағдайда, мұндай медициналық көмек ақы алынбай ұсынылады.

Егер пациенттің өміріне қауіп төндіретін жағдай мемлекеттік лицензияға сәйкес денсаулық сақтау ұйымының бейініне сәйкес келмесе, онда ақылы қызметтер көрсететін денсаулық сақтау ұйымы өз қаражаты есебінен пациентті тасымалдауды қоса алғанда, пациенттің тиісті денсаулық сақтау ұйымына кіруін ұйымдастырады.

21. Денсаулық сақтау ұйымдары пациенттерді Денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярына енгізілмеген дәрілік заттармен қамтамасыз етуді пациенттің жазбаша келісімімен ақылы негізде жүзеге асырады.

22. Ақылы қызметтер көрсету кезінде денсаулық сақтау субъектілері Кодекстің 202-бабының 6-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша денсаулық сақтаудың медициналық ақпараттық жүйелерінде бастапқы есепке алу және есеп беру құжаттамасын жүргізуді жүзеге асырады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде емделіп жатқан, денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярына енгізілмеген, сондай-ақ Кодекстің 251-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында тіркелмеген дәрілік заттарды сатып алуды қоса алғанда, емделіп жатқан пациенттерге ақылы медициналық қызмет көрсетудің әрбір жағдайы медициналық есепке алу құжаттамасында мынадай нысан бойынша негіздемемен көрсетіледі: Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген.

Денсаулық сақтау субъектілері аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық сыныптамасының 9 қайта қараудың (АХЖ-9), аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық сыныптамасының 10 қайта қараудың (АХЖ-10) кодына сәйкес есепке алу нысандарының уақтылы және дұрыс толтырылуын қамтамасыз етеді.

23. Ақылы қызметтерді алушыларға Денсаулық сақтау ұйымдары:

- 1) Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша консультациялық-диагностикалық көмек көрсету кезіндегі медициналық қорытынды;
- 2) стационарлық, стационарды алмастыратын көмек көрсету кезінде, оның ішінде медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек жүргізу кезінде ауру тарихынан жазып алу эпикризі;
- 3) қызметтердің саны мен құнын көрсете отырып, көрсетілген қызметтердің тізбесі туралы ақпаратты қамтиды.

24. Бюджет қаражаты есебінен сатып алынған медициналық жабдық №5 қосымшаға сәйкес бюджеттік Денсаулық сақтау бағдарламаларының әкімшісімен келісу бойынша емхананың бірінші басшысы белгілеген кесте бойынша белгілі бір уақытта ақылы медициналық қызметтер көрсету үшін пайдаланылуы мүмкін.

25. Ұйым денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін диагностика және емдеу стандарттарына (хаттамаларына) сәйкес, ал олар болмаған кезде – жалпы қабылданған тәсілдерге сәйкес медициналық айғақтар бойынша Медициналық қызметтер, оның ішінде ақылы қызметтер көрсетеді.

26. Ұйым, сондай-ақ тікелей қызмет көрсететін маман Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

- медициналық қызметтерді сапасыз көрсету □ ;
 - шарттардың талаптарын орындамау немесе тиісінше орындамау;
 - науқастың денсаулығы мен өміріне зиян келтіру;
 - ТМККК-ге кіретін қызметтерді көрсеткені үшін артық қаражат алу;
- табыс алу мақсатында диагностикалық және емдік манипуляцияларды негізсіз тағайындау, оның фактісі медициналық қызмет көрсету сапасын бақылау саласындағы мемлекеттік орган жүргізген тексеру кезінде анықталды.

27. Ақылы негізде медициналық көмек алған пациенттерге ұйым амбулаториялық-емханалық жағдайларда медициналық көмек көрсету кезінде тиісті медицина қызметкерлерінің қорытындысын ұсынады.

Жекелеген азаматтар санаты үшін берілетін жеңілдіктер туралы мәліметтер.

Шұғыл стоматологиялық көмек (қатты ауырсыну) тегін беріледі:

18 жасқа дейінгі балаларға, жүкті;

Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, Ауғанстан аумағында Кеңес әскерлері контингентінің құрамындағы әскери қызметшілерге, Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға, мүгедектерге, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектерге, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көп балалы аналарға, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға, мүгедек балаларды тәрбиелеушілерге, зейнеткерлерге тиісті құжатты көрсеткен кезде жасы бойынша;

-инфекциялық, сондай-ақ әлеуметтік мәні бар аурулармен және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулармен ауыратындарға.

Жоспарлы стоматологиялық көмек (ортодонтиялық және ортопедиялықтан, бағалы металдардан жасалған протездерден, металл акрилаттардан (металлкомпозиттерден), металл керамикадан және фарфордан, сондай-ақ нитрид-титаннан қорғаныш-сәндік жабын жағудан басқа) тегін ұсынылады:

- 18 жасқа дейінгі балаларға, жүкті әйелдерге.

Ұйым сонымен қатар жеңілдіктер береді:

Емхана қызметкерлеріне стоматологиялық көмекке қызмет құнының 50% мөлшеріндегі жеңілдік. * "Целиноград аудандық емханасы" ШЖҚ МКК жұмысқа орналасу үшін медициналық және/немесе профилактикалық тексеруден өтетін тұлғаларға жеңілдік берілмейді.

Халықтың әлеуметтік осал топтарына 20% жеңілдік беріледі.

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, жүкті әйелдерге, мүгедектерге кезектен тыс қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

5. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының ақылы қызмет көрсетуден түскен қаражатты пайдалану тәртібі

Көрсетілген ақылы медициналық қызметтерден алынған қаражат шығындарды өтеуге мынадай тәртіппен жіберіледі:

* ақылы медициналық қызметтер көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлердің қосымша ақшалай төлемдеріне 40%-дан аспайды. Ақылы медициналық қызметтер мен дәрілік заттарды өткізу табысынан директорға, бас бухгалтерге, ЖЭБ басшысына, ақылы қызметтер бойынша жауапты экономистке және ақылы медициналық қызметтерден мамандандырылған медициналық көмек бөлімшесінің меңгерушісіне қосымша ақшалай төлемдерге 10%-дан аспайды.

* Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;

* іссапар шығындарын төлеуге;

* дәрі-дәрмектерді, шығыс материалдарын және медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды сатып алуға;

* азық-түлік сатып алуға;

* өзге де тауарларды сатып алуға;

* коммуналдық қызметтер, байланыс қызметтері, жылу, электр энергиясы, ғимаратқа қызмет көрсету қызметтері, көлік қызметтері, ғимаратты жалдау ақысын төлеуге;

* жабдықтар мен мүкәммалды, ғимараттарды және т. б. ұстауға және ағымдағы жөндеуге.;

* кадрлардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға;

* күрделі сипаттағы шығындарға ақылы медициналық қызметтер көрсетуден алынатын қаражаттың жалпы көлемінің 15% - ынан аспайды;

* жеке және заңды тұлғалардың қызметтеріне ақы төлеуге;

* негізгі құралдарды сатып алуға;

* қызметкерлерді көтермелеу, әлеуметтік қорғау, сыйлықақы және қосымша жалақы бойынша.

6. Ақылы қызмет көрсету үшін жауапкершілік

Бірінші басшы көрсетілетін қызметтердің сапасына, көрсетілген қызметтер үшін ақы алудың дұрыстығына және ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражатты нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жауапты болады.

Бас дәрігер мамандар тізілімдерінің есебін ұйымдастыруға және жүргізуге жауап береді, сонымен қатар пациенттерге көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыз етеді және бақылайды.